

## "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 4 тамыздағы N 1081

Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасына сәйкес бәсекелестікті дамыту мен жекешелендіру процесін жеделдету мақсатында және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің нормативтік актілерін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес келтіру қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясының Байқаушы кеңесінің осы компанияны "Кең дала" және "Өнім" акционерлік қоғамы етіп қайта құру туралы шешімімен келісілсін.

2. Меншік нысанына қарамастан ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге өндірістік-техникалық, ақпараттық және сервистік қызмет көрсету "Кең дала" акционерлік қоғамының негізгі қызметі болып белгіленсін.

3. Жүгерінің тауарлық дәні мен басқа да дақылдар өндірісі жөніндегі интенсивті технологиялар енгізу "Өнім" акционерлік қоғамының негізгі жұмысы деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясының және аумақтық акционерлік компанияларының иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілген акционерлік қоғамдарының акциялардың мемлекеттік пакетін қайтарып алсын;

осы қаулы шыққан кезде купондық аукционда сатылмай қалған акционерлік қоғамдардың акциялары қайтарып алынын;

<\*>

"Кең дала" акционерлік қоғамымен, облыс әкімдерімен және Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің аумақтық комитеттерімен бірлесіп, бір ай мерзім ішінде "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кіретін аумақтық акционерлік компанияларды қайта құру тәртібін айқындастырып болсын;

акционерлік қоғамның, сатуға жататын акциялардың мемлекеттік пакетінің тізбесін айқындастырып және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес акцияларды сатуды ұйымдастыру ісі Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілсін.

Ескерту. 4-тармақтың 4-абзацының күші жойылған - ҚРМК-нің

1995.12.29. N 1884 қаулысымен. Р951884\_

5. "Кең дала" акционерлік қоғамы "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясының барлық міндеттемелері бойынша, оның ішінде банктерден алған (ішкі және сыртқы) кредиттер бойынша мұрагері болып табылады деп белгіленсін. "Кең дала" акционерлік қоғамы бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне акционерлік қоғамдар жөніндегі банк кредиттері бойынша көрсетілген берешектер бөлігін "Кең дала" және "Өнім" акционерлік қоғамдарына берілмеген акциялардың мемлекеттік пакетін қайта ресімдеу туралы ұсыныс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Кең дала" және "Өнім" акционерлік қоғамдардың құрылтайшы құжаттарын, сондай-ақ ведомствоның нормативті актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

7. "Кең дала" және "Өнім" акционерлік қоғамдарының президенттерін акционерлердің алғашқы жиналысына дейінгі кезеңге Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындауды деп белгіленсін.

8. Осы қаулының орындалуы 1995 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Төралқасында бақылау ретінде тындалсын.

9. "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясының Президенті мен Байқаушы кенесі туралы " Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 805 қаулысының;

"Кең дала" мемлекеттік акционерлік компанияның құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 қыркүйектегі N 837 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж. N 36, 412-бап);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 қыркүйектегі N 837 қаулысына өзгертулер енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 маусымдағы N 624 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж, N 25, 266-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 4 тамыздағы  
N 1081 қаулысына

## 1 қосымша

"Кең дала" акционерлік қоғамының құрамына  
кіретін акционерлік қоғамдардың  
Тізбесі

Алматы қаласы

"Респубикалық оқу орталығы" АҚ  
"Бас есептеу орталығы" АҚ  
"Қазагрожиынтық" АҚ  
"Ауылшартехника" МТС-інің респубикалық базасы" АҚ

Ақмола облысы

"Агрожабдық" АҚ

Ақтөбе облысы

"Темір" АҚ  
"Ремонтник" АҚ  
"Алға" АҚ  
"Дархан" Ақ

Алматы облысы

"Агросервис" АҚ  
"Жөндеуші" АҚ  
"Іле МРОП" АҚ

Шығыс Қазақстан облысы

"МТС-тің облбазасы" АҚ

Жамбыл облысы

"Шеберхана" АҚ  
"Ассаагроенеркәсіптехника" АҚ  
"Дәнекер" АҚ  
"МТС-тің" Үшбұлақ базасы" АҚ

"Прогресс" АҚ

"Жуалы агроөнеркәсіптехника" АҚ

"Контакт" АҚ

Батыс Қазақстан облысы

"Агробосалқыбөлшек" АҚ

"Агрожөнжабдықтау" АҚ

Қарағанды облысы

"Қарағандыагроөнеркәсіптехника МТС-інің N 1 базасы" АҚ

Қызылорда облысы

"Агроөнеркәсіптехника" Ақ

Қостанай облысы

"Тоғызак" АҚ

"Техсервис" АҚ

"Қайрат" АҚ

"Қайнар" АҚ

"Жабдықтаушы" АҚ

Көкшетау облысы

"Тұлпар" АҚ

"Агроөнеркәсіптехника" АҚ

"Дәүтсервис" АҚ

"Кішкенекөл" АҚ

Павлодар облысы

"Агроөнеркәсіптехника" АҚ

Солтүстік Қазақстан облысы

"Есілагротехника" АҚ

"Мамлют ауданауылшартехника" АҚ  
"МТК жөніндегі Тимирязев ӨБ" АҚ  
"МТК жөніндегі Совет ӨБ" АҚ  
"МТК жөніндегі Булаев ӨБ" АҚ  
"МТК жөніндегі Сергеев ӨБ" АҚ

Талдықорған облысы

"АгроОнеркәсіптехника" АҚ  
"Құлагер" АҚ  
"Майтөбе" АҚ  
"Ұста" АҚ

Торғай облысы

"АгроОнеркәсіптехника" АҚ  
"Красивенск БК" АҚ  
"Кенесары" АҚ

Оңтүстік Қазақстан облысы

"Киров ААӨТ" АҚ  
"Түркістан" ААӨТ" АҚ  
"Жетісайагросервис" АҚ  
"Мақтаарал ААӨТ" АҚ  
"Арысауылжынтық" АҚ

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 4 тамыздағы  
N 1081 қаулысына  
2 қосымша

"Өнім" акционерлік қоғамының құрамына

кіретін акционерлік қоғамдардың  
Тізбесі

Жамбыл облысы

"Дархан" АҚ  
"Шуагрежабдықтау" АҚ

Оңтүстік Қазақстан облысы

"Отыrap агросервис" АҚ  
"Сайрам агросервис" АҚ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК